

**Баспасөз хабарламасы**

Астана қ., 09 ақпан 2024 жыл

**2024 жылдың қаңтарында «ҚазТрансОйл» АҚ Германияға 100 мың тонна қазақстандық мұнай жеткізді**

2024 жылғы қаңтарда қазақстандық мұнайды «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы Германияға одан әрі жеткізу үшін «Адамова Застава» мұнай жеткізу пунктіне қарай тасымалдау көлемі 100 мың тоннаны құрады.

2024 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Германияға жеткізу үшін «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы «Адамова Застава» мұнай жеткізу пунктіне 1,2 миллион тоннаға дейін қазақстандық мұнайды жөнелтуді жоспарлап отыр.

Бұл транзит Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 2002 жылғы 7 маусымдағы тиісті келісім аясында жүзеге асырылады.

**Анықтама үшін:**

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар департаменті**